

"Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі "Парыз" конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 12 мамырдағы № 261 Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкімет актілерінің жинағында
және республикалық баспасөзде
жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі "Парыз" конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 523 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 3, 36-күжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі "Парыз" конкурсының лауреаттары атақтарын беру жөніндегі комиссия туралы ережеде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Жұмыс органы конкурсты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі тиісті жылға арналған іс-шаралар жоспарын жыл сайын айқындайды және бекітеді."

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев